

Өзгерістер мен толықтырулар

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті 1997 жылғы 30 қыркүйектегі N 322. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 29 қазанда тіркелді. Тіркеу N 56. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодекcін (Салық Кодекcін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

28. 1997 жылғы 28 ақпандағы N 76-1, 1997 жылғы 11 сәуірдегі N 92-1, 1997 жылғы 27 мамырдағы N 114-1, 1997 жылғы 9 шілдедегі N 116-1, 1997 жылғы 19 маусымдағы N 134-1, 1997 жылғы 2 шілдедегі N 144-1 және Қазақстан Республикасы Президентінің "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 маусымдағы N 154-1 Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес "Жеке тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу мен төлеу тәртібі туралы" N 40 Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің 1997 жылғы 30 қыркүйектегі N 322 V970050_ бұйрығы. -----

Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1997 ж. 28 ақпандағы N 76-1, 1997 ж. 11 ақпандағы N 92-1,

1997 ж. 27 мамырдағы N 114-1, 1997 ж. 9 маусымдағы N 116-1, 1997 ж. 19 маусымдағы N 134-1, 1997 ж. 2 шілдедегі N 144-1 және 1997 ж. 11 шілдедегі N 154-1 Z970076_ , Z970092_ , Z970114_ , Z970116_ , Z970134_ , Z970144_ , Z970154_ Заңдарына сәйкес "Жеке тұлғалардан алынатын табыс салықтарын есептеу мен төлеудің тәртібі туралы" N 40 нұсқаулыққа

Өзгерістер мен толықтырулар

1. I тарауда 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жеке тұлғаны табыс салығынан босату немесе салықтың ставкасын бекіту тек Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Z952235_ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібімен ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің жоғарыда аталған Жарлыққа және "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Заңға сәйкес жасалған келісім-шарты негізінде жүргізіледі. "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті беретін жеңілдіктерді есептемегенде, басқа актілермен салықтық жеңілдіктер, оның ішінде дербес сипаттағы жеңілдіктер беруге т ы й ы м с а л ы н а д ы .

2 . I I I т а р а у д а :

1 2 - т а р м а қ т а :

- "а" тармақшасы мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын;
"Ескерту: Зейнеткерлік төлемдер түрінде алынатын кірістерге жинақтау зейнеткерлік қорынан төленетін төлемдер жатады".

14-тармақтағы "е" тармақшасында екінші абзацтағы "мемлекеттік зейнетақыға қосымша төлем" деген сөздер алып тасталсын.

1 5 - т а р м а қ т а :

- "в" тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"в) сыйақы (мүдделер) түрінде жеке тұлғаларға берілген кірістер. Мұның берілген қарыздар үшін сыйақы (мүдде) болуы мүмкін;

- "д" тармақшасында "ақшалай қаржылар" деген сөздер "ақша" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н .

- "м" тармақшасы "мемлекеттік (ұлттық) лоторея жөніндегі ұтыстардан басқа " деген сөздермен толықтырылсын.

1 7 - т а р м а қ т а :

"б" тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) төлем кезінде салық салынатын, жеке тұлғалардан алынатын ұтыстар".

3 . I V т а р а у д а :

- 18-тармақта "Қазақстан Республикасының заңдарымен реттелетін мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру және арнаулы қорларға аударылатын" деген сөздер "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, еңбекпен қамтуға жәрдемдесу қорына, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Зейнетақыларды төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, жинақтық зейнетақы қорларына, Жол қорына міндетті жарналар мен аударымдар" деген сөздермен ауыстырылсын, әрі қарай мәтін бойынша.

- 20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Алынған несиелер (қарыздар) үшін сыйақы (мүдде) теңгемен берілген несие (қарыз) бойынша аталған ставканың 50 процентіне көбейтілген Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми қайта қаржыландыру ставкасы бойынша есептелген, және шетелдік валютамен берілген несие (қарыз) бойынша 50 процентке көбейтілген Лондон халықаралық рыногының ставкасы бойынша есептелген соманың шегінде шегеруге жатады".

- 37-тармақтан соң мынадай мазмұндағы "37а" тармағы енгізілсін:

"37а. Жеке тұлға зейнеткерлік қамтамасыз ету туралы заңдарда белгіленген мөлшерде жинақтық зейнеткерлік қорларына міндетті зейнеткерлік жарналар жөнінде шегерім жасауға құқы бар."

4 . V т а р а у :

- 46а тармағы "мемлекеттік (ұлттық) лоторея жөніндегі ұтыстардан басқа" деген сөздермен толықтырылсын;

- 47 тармақтың 1) тармақшасында "проценттер" деген сөз "сыйақы (мүдде)" деген сөзбен ауыстырылсын.

5. VI тараудағы 49 тармағында:

- "г" тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"г" зейнетақылар, стипендия, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылған жағдай бойынша және жасына қарай мемлекеттік әлеуметтік жәрдемдер төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдері, сондай-ақ өзге де жәрдемақылар мен төлемдер, екіқабаттығы және бала туғандығы бойынша, мертігуі және денсаулығына басқа да нұқсан келуі салдарынан еңбек ету қабілетінен жоғалтуына және асыраушысынан айырылуына байланысты;

- "ж" тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"ж) мемлекеттік бағалы қағаздар жөніндегі сыйақы (мүдде)";

- мынадай мазмұндағы "и" тармақшасымен толықтырылсын:

"и) банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге

асыратын ұйымдардағы салымдар жөніндегі сыйақы (мүдде), сондай-ақ

мемлекеттік (ұлттық) лоторея жөніндегі ұтыстар";

- мынадай мазмұндағы "к" тармақшасымен толықтырылсын:

"к) салық төлеушінің (жеке тұлғаның) жиынтық жылдық табысы мемлекеттік емес жинақтау қорларына төлейтін айына он айлық есептік көрсеткішінен аспайтын мөлшердегі ерікті зейнетақы жарналарының сомасына кемітіледі";

- мынадай мазмұндағы "л" тармақшасымен толықтырылсын:

"л) дербес кәсіпкердің жеке тұлғалар үшін заңда белгіленген кәсіпкерлік әрекетімен айналысуынан алынған, табыс (Қазақстан Республикасындағы төлем көзінен салық алуға жататын табыстардан басқа)".

IX тарауда:

68-тармақта:

"д" тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"д) мемлекеттік (ұлттық) лоторея жөніндегі ұтыстардан басқа ұтыстар".

71-тармақта:

- "табыс" деген сөзден соң "және табыстар мен мүлік туралы мәліметтер" деген сөздермен толықтырылсын;

- "б" тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б" тұрғын үй құрылысын және осындай құрылысқа арналған көп құрылыс материалдарын сатып алуды қоспағанда, жалпы сомасы жылына 1000 айлық есептік көрсеткіштен асатын құрылыс салушылар мен көп мөлшерде сатып алушылар.

- "в" тармақшасында "ақшалай жылдар" деген сөздер "ақша" деген сөзбен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

Салық комитетінің

Төрағасы